

«№12 балабақша –бастауыш мектеп» кешені» КММ

« Анамызға мың алғыс»!!

Өткізген :Кабенова А.М
0 «Б» мектепалды даярлық сынып

Тақырыбы: Анамызға мың алғыс!!

Сынып : 0 «Б» мектепалды даярлық сынып

Тәрбиеші:Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық

Аналарды құрметтеп

Ән маржанын ашайық.

Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталды

Сен деп жаздым алғаш өлең-дастанды

Қуандым ба, өзің бар деп қуандым,

Жыладым ба, өзің жоқ деп жас тамды.

Бәрі де, ана бір өзіңнен басталды.

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды

Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,

Жасқандым ба, тек өзіңнен жасқандым

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! сүйікті аналар, әжелер, ұстаздар бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын! Мерекелік ертеңгілімізді тамашалауға шақырамыз.

Анам менің сүйіктім

Тек өзіңе табынам.

Қасымда жүрсең биікпін, **Азамат**

Алыстасаң сағынам.

Анаң болса қасында

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі

Мейірімді ғой керемет. **Медина**

Мен анамды сүйемін,

Құшағына енемін.

Мәпелеген анамды,

Қуантсам деп келемін. **Алдияр**

Ән: «Ақ мамам» балалардың орындауында

Шашымды өріп тараған,

Қабағыма қараған

Үлкен кіші демейді

Сыйлайды оны бар адам **Аяна**

Мәпелейді, әлдилейді, бағады.

«Құлыным» деп құшағына алады

Өзгеге де, өзіне де жауапты

Барлығына қалай уақыт табады?! **Қанат**

Айналайын анашым

Аялайсың, бағасын

Сен үшін балалармен

Ән шырқайық бәріміз **Әли**

Тәрбиеші: Қариясы бар үйдің, қазынасы деп бекер айтпаған. Қазыналы әжелерімізді бүгінгі мейраммен құттықтаймыз

Сөзімді дұрыстайтын, әже,

Айғайлап ұрыспайтын, әже.

Қыдырса, ерте кететін, әже,

Ылғи да еркелететін, әже,

«Алысқа кетпе» дейтін әже,

Келмесем өкпелейтін әже,

Ойынға досым шақырып тұр

Апама айтпай, жібересің бе, әже! **Жалғас**

Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам, **Айзере**
Жас балаша күледі.

Апам менің әлі де
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді
Біздің үйдің бәріне **Ерсұлтан**

Бір бала ортаға шығады
- Алло, әже? Мерекенізбен құттықтаймын. Айтатын әнім, беретін гүлім бар.
Әжетай, сені жақсы көремін - деп.
Жақсы көремін әжемді
Ойыншықтар да әпереді
Мектепке да әкеледі, **Дарын**
Менің әжем керемет

Ойын: «Орамал тақ» ұлдар бір қызды алып шығып орамал тағып, гүлді алып беру керек

Би «МАТРЕШКИ»

Тәрбиеші: Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,

Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың

Өміріме нәрін берді ақ сүтің,

Кең құшағың аясындай гүл бақтың.

Ер жеткізіп елге берген баласын,

Ақылдысың, ардақтысың, данасың!

Қарайтыным қас-қабағың бір сенің,

Қайратыңнан қайта көрме анашым

Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз.

Аналарды ардақтап,

Әдеппен бас иеміз. **Нурислам**

Жақсы көрем күлкіңді,

Айналайын ақ анам.

Менің анам сүйкімді, **Айша**

Бәрінен де жақсы адам.

Ойын : Балалар көздерін жұмып өз Аналарының алақанынан сипап тану.

Мен үшін не керек-

бәрін іздеп табасың.

Айналайын анашым,

жұмысыңа барасың.

Қайтып мені көргенде, **Данияр**

шын сағынып қаласың.

Бал бөбегін баптаған,

Анам үшін мақтанам.

Аялайтын біздерді,

Көп жасасын ақ мамам! **Маһди**

**ӘН: «Құттықтаймын мама» Балалардың орындауында
БИ «ВАЛЬС»**

Тәрбиеші: Ертеңгілігімізді тамашалағандарыңыз үшін рахмет.Сау болыңыздар.

